

БЕКІТЕМІН  
«Бірінші болу - батылдық» корпоративтік қорының  
Атқарушы директоры



/Казыбаева С.Н.

«30» мамыр 2022 ж.

**«TURKISTAN MARATHON 2022»  
жүгіру жарысын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

Алматы қ.  
2022 ж.

# «Turkistan Marathon 2022» жүгіру жарысын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

## 1. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ МАҚСАТТАРЫ

«Turkistan Marathon 2022» (бұдан әрі – «Жарыс») – 42 км 195 м негізгі қашықтығы, сондай-ақ 21 км 97,5 м жартылай марафоны және 10 км, 10 км скандинавиялық жүріс, 42 км 195 м экиден эстафетасы қосалқы қашықтықтары бар жыл сайынғы жүгіру жарысы. Түркістан қаласының әрбір тұрғыны мен қонағы қатыса алатын қалалық жүгіру және спорт әуесқойларының мерекесі.

### Жарысты өткізу мақсаттары:

- жүгіру мен скандинавиялық жүрісті насихаттау;
- жүгірушілерді халықаралық марафон жарыстарына дайындау;
- дені сау ұлт қалыптастыру;
- бұқаралық спортты дамыту;
- Түркістан қаласы тұрғындарының арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- зиянды әдеттерден (темекі шегуден) бас тарту;
- ерекше қажеттіліктері бар адамдар арасында спортты қолдау және дамыту.

## 2. ЖАРЫСТЫ БАСҚАРУШЫ ҰЙЫМ

2.1. Жарысты өткізу кезінде жалпы басшылықты «Super Sapienz» ЖШС және «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

2.2. Жарысты дайындау мен өткізуді ұйымдастыру «Super Sapienz» ЖШС және «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорының Ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – «Ұйымдастыру комитеті») жүктеледі.

## 3. ЖАРЫСТЫҢ ӨТЕТІН ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ:

3.1. Жарыстың өтетін күні мен уақыты: 2022 жылғы «30» қазан, сағ. 05:30-дан 14:00-ге дейін.

3.2. Жарыстың өтетін орны: Түркістан қаласы.

Барлық қашықтықтардың сөресі: Амир Темир 53А, Visit Centre Turkistan (автотұрақ).

## 4. ЖАРЫС ҚАШЫҚТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ

4.1. Жарыс бағдарламасына мына қашықтықтар енгізілді:

- 42 км 195 м марафоны;
- 21 км 97,5 м жартылай марафоны;
- 10 км қашықтығы;
- 10 км скандинавиялық жүріс;
- Балаларға арналған 3 км қашықтығы;

4.2. Жарыстың жас санаттары:

4.2.1. Марафонның (42 км 195 м) жас санаттары:

- 18-34 жас;
- 35-49 жас;
- 50-59 жас;
- 60 жастан жоғары.

4.2.2. 21 км 97,5 м жартылай марафонының жас санаттары:

- 18-34 жас;
- 35-49 жас;
- 50-59 жас;
- 60 жастан жоғары.

4.2.3. 10 км қашықтығының жас санаттары:

- 15-34 жас;
- 35-49 жас;
- 50-59 жас;
- 60 жастан жоғары.

#### 4.2.4. 10 км скандинавиялық жүріс:

- 15 жастан жоғары.

#### 4.2.3. 3 км қашықтығының жас санаттары:

- 10-14 жас аралығында;

### 5. ЖАРЫС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

#### 5.1. Жарысқа қатысуға мына жас санаттарындағы адамдар жіберіледі:

- 42 км 195 м марафоны – 18 жастан асқан қатысушылар;
- 21 км 97,5 м жартылай марафоны – 18 жастан асқан қатысушылар;
- 10 км қашықтығы – 15 жастан асқан қатысушылар;
- 10 км скандинавиялық жүріс – 15 жастан асқан қатысушылар;
- 3 км - 10-14 жас аралағындағы балаларға арналған.

5.2. Жарысқа тіркеу кезінде Жарыс өтетін кездегі толық жас мөлшері есепке алынады.

### 6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

6.1. Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарын Ұйымдастыру комитеті көтереді.

6.2. Жарыстың жол жүрумен, орналасумен және тамақтанумен байланысты шығындарын қатысушыларды іссапарға жіберген ұйымдар немесе Жарысқа қатысушылардың өздері көтереді.

### 7. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ

7.1. Жарысқа қатысушыларды тіркеу [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында **2022 жылғы «30» мамырда** басталып, **2022 жылғы «17» қазанда** немесе қатысушылар саны 2 000-ға (екі мыңға) жеткен кезде аяқталады.

7.2. Жарыстың корпоративтік қатысушыларын тіркеу [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына сұраным жолдау арқылы жүзеге асырылады. Бір компаниядан Жарысқа қатысушылар саны 50 (елу) адамнан артық болуы тиіс. Жарысқа қатысушылар саны 50 (елу) адамға жетпейтін компаниялар [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында өз бетінше тіркеледі.

7.3. [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында онлайн-тіркеу рәсімінен өтіп, Жарыстың нақты бір қашықтығына тіркелу фактісі бойынша берілген ID нөміріне сәйкес сөрелік жарнаны төлеген қатысушы Жарысқа тіркелген болып саналады. Жарысқа қатысушылар тізіміне тек ақысы төленген өтінімдер ғана енгізіледі.

7.4. Жарысқа қатысушы тіркелу және сөрелік жарнаны төлеу арқылы Жарысты өткізу туралы осы Ереженің барлық талаптарымен келіседі.

7.5. Жарыс қашықтықтарының сөрелік жарналарының құны:

- 42 км 195 м марафоны – **8 000 (сегіз мың) теңге;**
- 21 км 97,5 м жартылай марафоны – **7 000 (жеті мың) теңге;**
- 10 км қашықтығы – **5 000 (бес мың) теңге;**
- 10 км скандинавиялық жүріс – **5 000 (бес мың) теңге;**
- Балаларға арналған 3 км – **3 000 (үш мың) теңге.**

7.6. Жарыста қашықтықты ауыстыру **2022 жылғы «17» қазанға дейін қоса алған кезеңде ғана мүмкін болады.** Жарысқа қатысу слоты сатып алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитетіне хабарласып, Жарыс қашықтығын ауыстыру үшін 1 000 (бір мың) теңге төлеу қажет. Жарыс қашықтығы аздан көпке ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы да қосымша төленеді. Жарыс қашықтығы көптен азға ауыстырылған жағдайда, слоттар құнының айырмасы **қайтарылмайды!** Жарыс қашықтығы таңдалған

Жарыс қашықтығында бос слоттар болған жағдайда ғана ауыстырылады. Жарыстың атаулы нөмірі бір қашықтықтан екіншісіне ауыстырылғанда атаулы нөмір сақталмайды.

**7.7. Атаулы нөмірлер 2022 жылғы 26 қыркүйекке дейін (қоса алғанда) тіркелген және сөрелік нөмірдің ақысын төлеген кезде беріледі.** Атаулы нөмірде сайтта тіркелу кезінде «Аты» бағанына енгізілген атыңыз көрсетіледі. Нөмірде лақап ат, әдепсіз сөздер, ұрандар және басқа да үндеулер көрсетілмейді. Нөмірді басып шығарудың алдында деректердің дұрыстығы тексеріледі.

**7.8. Жарысқа қатысу үшін төленген қаражат қайтарылмайды.** Дұрыс емес немесе басқа біреудің ID нөміріне жіберілген қаражат **қайтарылмайды** және Жарыстың басқа қатысушысына, сондай-ақ «Бірінші болу – батылдық» КҚ-ның басқа Жарысына қатысу ақысы ретінде аударылмайды.

**7.9. Сөрелік нөмірі жоқ қатысушылар Жарысқа жіберілмейді!**

**7.10.** Жарысқа қатысушының сөрелік нөмірі анық көрінуі тиіс. Жарысқа қатысушының сөрелік нөмірі алдыңғы жақтағы кеуде тұсында немесе бел буатын белдікте орналастырылуы тиіс.

**7.11. Жарысқа өзге біреудің нөмірімен қатысуға тыйым салынады!** Сөрелік нөмірлерді басқа адамдарға беру фактісі анықталған жағдайда, нөмірді берген Жарыс қатысушысы мен басқа біреудің нөмірін алған Жарыс қатысушысы осы Жарысқа қатысудан шеттетіліп, нәтижесінің күші жойылады. Келесі 3 (үш) Жарысқа да қатысуға рұқсат етілмейді.

**7.12.** Жарысқа құлаққаппен қатысуға тыйым салынады.

**7.13.** Мүгедектер арбасындағы, қол жетекті велосипедтегі қатысушылар, балаларға арналған арнайы жүгіру арбаларындағы қатысушылар өз қашықтықтарындағы қатысушылардың негізгі легінің алдында арнайы кластерден сөреге шығады. Кластерге кіру үшін 2022 жылғы 27 қазан күнгі сағ. 18:00-ге дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) адресіне алдын ала өтінім жіберу қажет. Арбадағы қатысушыда, сондай-ақ оны алып жүретін адамда 2022 жылғы Алматы жартылай марафонының сөрелік нөмірі болуы міндетті.

**7.14.** Жүгіру арбасындағы баласы бар спортшылардың қатысуына қойылатын талаптар. Арбада алып жүретін адамның қолына бекітілетін қауіпсіздік белдігі, үрлемелі доңғалақтары болуы тиіс, бала қауіпсіздік белдігімен бекітілуі, алдыңғы доңғалақтары белгілі бір қалыпта бекітілген болуы тиіс.

**7.15.** Мүгедектігі бар қатысушылар қатысу слотын тегін ала алады. Бұл үшін 2022 жылғы 17 қазанға дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) адресіне өтінім жіберу қажет. Өтінімде осы шараға тіркелген ID нөмірі, қатысушының аты-жөні, қашықтығы, сондай-ақ мүгедектігін растайтын құжаттары көрсетілуі тиіс. Алып жүретін адам қатысу ақысын өзі төлейді. Мүгедектігі бар қатысушыларға арналған слоттар саны шектеулі. Барлық тегін слоттар алынып қойған жағдайда, Ұйымдастыру комитеті спортшыға тегін қатысу мүмкіндігін бермеу құқығын өзіне қалдырады.

## **8. ELITE КЛАСТЕРІНЕ БІЛІКТІЛІК АЛУ**

**8.1. Elite** – алдын-ала расталған біліктілік уақыты бар әуесқой спортшыларға арналған жеке сөрелік кластер.

**8.2.** 42,2 км, 21 км 97,5 м, 10 км қашықтықтарында Жарыстың элиталық санатына спортшыларды тіркеу [almaty-marathon.kz](http://almaty-marathon.kz) интернет-сайтында электронды тіркеуден өткеннен кейін жүргізіледі.

**8.3.** Жарыстың элиталық санатына біліктілік алу үшін спортшыға немесе оның ресми өкіліне **2022 жылғы «17» қазанға** дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды адресіне өтінім жіберу және біліктілік уақытына сәйкес келетін расталған нәтижелерді жіберу

қажет. Ұқсас қашықтыққа өтінім бергенге дейінгі соңғы 3 (үш) жыл ішінде өткен жарыстардың нәтижелері ескеріледі.

**8.4.** Жаттығудың мобильді қолданбада жазылуы растау болып табылмайды.

**8.5.** 42 км 195 м қашықтығында элиталық санатқа қосылуға үміткерлер үшін біліктілік уақыты:

- ерлер: марафонда 2:50:00-ге дейін;
- әйелдер: марафонда 3:50:00-ге дейін.

**8.6.** 21 км 97,5 м қашықтығында элиталық санатқа қосылуға үміткерлер үшін біліктілік уақыты:

- ерлер: жартылай марафонда 1:20:00-ге дейін;
- әйелдер: жартылай марафонда 1:45:00-ге дейін.

## **9. СӨРЕЛІК ЖИНАҚТАРДЫ БЕРУ**

**9.1.** Жарыс қатысушыларына сөрелік жинақтар Алматы қаласында 2022 жылғы «28» және «29» қазан күндері, сағ. 10:00-ден 20:00-ге дейін беріледі. Мекенжайы: Амир Темир 53А, Visit Centre Turkistan.

**Назар аударыңыздар!** Жарыс қатысушыларына сөрелік жинақтар басқа күндері берілмейді.

**9.2. Қатысушының сөрелік жинағына сөрелік нөмір, нәтижені тіркеуге арналған чип, қатысушы жаднамасы, сөмке, түйреуіштер кіреді.**

**9.3.** Жарыстың корпоративтік қатысушылары сөрелік жинақтарын Жарысты өткізу туралы осы Ереженің 9.1-тармағында көрсетілген сөрелік нөмірлерді беру уақытында **2022 жылғы «28» және «29» қазан күндері** ала алады. Жарысқа қатысушылардың сөрелік жинақтарын алу үшін сөрелік жинақты алатын адам өзінің жеке куәлігінің көшірмесін, сондай-ақ Қатысушылардың жеке куәліктерінің көшірмесін/көшірмелерін және олардың өздері қолдарын қойған денсаулық туралы қолхаттарын ұсынуы қажет.

**9.4. Жарысқа қатысушылар бір мезгілде мына құжаттары болған жағдайда ғана жарысқа жіберіледі:**

**18 жасқа толмаған қатысушылар үшін:**

- Жеке куәлігінің көшірмесі/туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- Жарысқа қатысуға рұқсат беретіндігі туралы ата-ананың екеуінің де/қамқоршылардың (қамқоршының) қолхаты;
- Қолхатқа қолдарын қойған ата-ананың екеуінің де/қамқоршылардың (қамқоршының) жеке куәліктерінің көшірмесі.

**18 жастан асқан қатысушылар үшін:**

- Жеке куәліктің көшірмесі;
- Денсаулық туралы қолхат.

Барлық құжаттар қағазға басып шығарылған күйінде ұсынылуы тиіс.

**9.5.** Жарыс Қатысушысы сөрелік жинағын өзі алып кете алмайтын жағдайда, оны сөрелік жинақ берілетін күні өз жеке куәлігінің көшірмесін, сөрелік жинағы алынатын қатысушының жеке куәлігінің көшірмесін (**басып шығарылған күйде**) және Жарыс қатысушысының атынан жазылған денсаулық туралы қолхатты көрсету арқылы басқа адам алып кете алады.

**9.7.** Сатып алынған футболкалар сөрелік жинақтарды беру күнінде ғана беріледі. Жарыс қатысушысы футболканы алып кетпесе, бұдан арғы уақытта ол **берілмейді!**

**9.8.** Қатысушы слотты сатып алған, бірақ ауырып қалуына, жарақат алуына, басқа қалаға, іссапарға кетуіне, жұмыс ауысымына байланысты сөреге шыға алмайтын жағдайда, қатысушы таңдаған километражына сәйкес қашықтықты басқа уақытта немесе басқа жерде жүгіріп өтіп, сөреден кейін 2 (екі) аптаның ішінде медалін «Бірінші болу – батылдык» КҚ офисінен алып кете алады. Оны алу үшін жүгіру жазбасы бар онлайн

трекерді, сондай-ақ сөреде болмау себебін растайтын құжатты (еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, дәрігердің қорытындысы, іссапар туралы бұйрық/іссапар куәлігі, ұшаққа отырғызу талондарының көшірмелері) және қатысушының жеке куәлігінің фотосуретін немесе түпнұсқасын көрсету қажет. Мәжбүрлі онлайн қатысуға өтінімді спортшы сөрелік жинақтарды берудің екінші күні басталғанға дейін, атап айтқанда, 2022 жылғы 28 қазан күнгі сағ. 18:00-ге дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) поштасына жіберуі тиіс.

**9.9.** Қатысушы өзінің сөрелік жинағын білмесе / ұмытып кетсе / алуға үлгермеген болса, сөре өткеннен кейін онлайн-трекер бойынша медаль беру мүмкін болмайды.

**9.10.** Басқа жағдайлар 2022 жылғы 29 қазан күнгі сағ. 14:00-ге дейін [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) поштасына өтінім берген кезде жеке қарастырылады.

## **10. ЖАРЫСТАР БАҒДАРЛАМАСЫ (кейінірек жарияланады)**

### **10.1. Қашықтықтарды жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеулері.**

42 км 195 м қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 6 сағат 00 минут,

Бірінші бірінші жартысын 3 сағаттан көп уақытта жүгіріп өткен 42 км 195 м

қашықтығының қатысушысы екінші жартысына жіберілмейді.

21 км 97,5 м қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 3 сағат 00 минут,

10 км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут,

Скандинавиялық жүріс қашықтығын жүріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 2 сағат 00 минут.

3 км қашықтығын жүгіріп өтуге арналған уақыт шектеуі – 00 сағат 45 минут.

## **11. САҚТАУ КАМЕРАСЫ**

**11.1.** Қатысушылардың заттары сақтау камерасына қатысушылар сөрелік жинақты беру кезінде алатын «Turkistan Marathon 2022» брендтелген сөмкелерімен ғана қабылданады.

**11.2.** Ұйымдастырушы Қатысушы сөмкесінің ішіндегі заттарға жауапты болмайды.

**11.3.** Сақтау камерасына шабаданар, ірі көлемді сөмкелер және брендтелген сөмкеге салынбаған басқа да заттар қабылданбайды.

**11.4.** Сақтау камерасына бағалы заттарды, ақшаны, әшекейлерді өткізбеуге кеңес береміз. Ұйымдастыру комитеті сөмкелердегі заттардың жоғалғаны туралы кінәрат-талаптарды қарастырмайды.

**11.5.** Заттарды сақтау камерасына өткізу кезінде қатысушы сөрелік нөмірге бекітілетін стикерді алады. Стикер жоғалған жағдайда, сөмке Қатысушыға жарыс өткен күні берілмейді. Сөмкені шара аяқталғаннан кейін бір аптаның ішінде, сөмкенің ішіндегі заттарды нақты атай отырып, алып кетуге болады.

## **12. НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕСЕПТЕУ ЖӘНЕ ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ**

**12.1.** Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс қатысушыларының нәтижесі Жарыстың электронды хронометраж жүйесінде тіркеледі және оны Жарыстың төрешілер алқасы растайды. Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау мәре сызығына жету фактісі бойынша жүзеге асырылады.

**12.2.** Жарыс қашықтықтары бойынша жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау IAAF 165.24 («IAAF жалпы ережелері») ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

**12.3.** Жарыстың ресми нәтижелері Жарыс аяқталғаннан кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында жарияланады.

12.4. Жарысқа қатысушының нәтижесі сөрелік нөмір дұрыс орналасқан жағдайда ғана тіркеледі.

12.5. Жарыстың Ұйымдастыру комитеті төмендегі жағдайларда Жарысқа қатысушылардың әрқайсысы жеке нәтижесін 100% алатынына кепілдік бермейді:

- Чип дұрыс бекітілмегенде;
- Чип магнитсізденгенде;
- Чип киіммен немесе басқалай жабылғанда;
- Жарыстың Төрешілер алқасының шешімі бойынша Жарысқа қатысудан шеттетілгенде.

12.6. Қорытынды шығару кезінде қолданылатын терминология:

- DNS – Did not start (қатысушы сөреге шықпады)
- DNF – Did not finish (қатысушы мәреге жетпеді)
- DSQ – Disqualified (қатысушы Жарыстан шеттетілді)
- CR – Championship Record (жарыстар рекорды)
- GUN TIME – Қатысушының мәреге жету уақыты. Сөре белгісінің берілуінен бастап қатысушының мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт
- CHIP TIME – Қатысушының жеке уақыты. Қатысушының сөре төсеніштерін кесіп өтуінен бастап мәре төсеніштерін кесіп өтуіне дейінгі уақыт

**МАҢЫЗДЫ! Жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатысушының GUN TIME мәреге жету уақыты бойынша анықталады.**

### 13. ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

13.1. Марафон (42 км 195 м) ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды абсолюттік біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы сыйлық алады. Жарыстың осы қашықтығындағы абсолюттік есептегі жеңімпаздар жас санаттарында марапатталмайды.

Қашықтықты 4 сағаттан тез еңсерген қатысушылар ғана жүлдегер атанады.

13.2. Марафон (42 км 195 м) ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды жас санаттарында 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль және бағалы сыйлық алады.

49 жасқа дейінгі жас санаттарында қашықтықты 4 сағаттан тез еңсерген қатысушылар ғана жүлдегер атанады. 50 жастан жоғары жас санаттарында қашықтықты 6 сағатта еңсеріп үлгерген қатысушылар жүлдегер атана алады.

13.3. Жартылай марафон (21 км 97,5 м) ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды абсолюттік біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы сыйлық алады. Жарыстың осы қашықтығындағы абсолюттік есептегі жеңімпаздар жас санаттарында марапатталмайды.

13.4. Марафон (21 км 97,5 м) ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды жас санаттарында 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль және бағалы сыйлық алады.

13.5. 10 км-ге спутник жарысы ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды абсолюттік біріншілікте 1-3 орындар үшін марапаттау.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері ақшалай сертификат, грамота, медаль және бағалы сыйлық алады. Жарыстың осы қашықтығындағы абсолюттік есептегі жеңімпаздар жас санаттарында марапатталмайды.

**13.6. 10 км-ге спутник жарысы** ерлер мен әйелдер арасындағы қатысушыларды әр жас санатында 1-3 орындар үшін марапаттау. Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль және бағалы сыйлық алады.

**13.7. 3 км-ге жарыс** ұлдар мен қыздар арасындағы қатысушыларды 1-3 орындар үшін 10-14 жас аралығындағы жас санатында марапаттау. Жарыстың осы қашықтығындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамота, медаль, кубок және бағалы сыйлық алады.

**13.8.** «10 км Скандинавиялық жүріс» қашықтығында марапаттау болмайды.

**13.9.** Жарыс қашықтықтарында мәреге жеткен барлық қатысушылар естелік медалін алады.

**13.10.** Ақшалай жүлделерді беру Жарыс жеңімпазының жеке банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады. Алу үшін Жарыс жеңімпазы Жарыс өткізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына мына құжаттарды жіберуі тиіс:

- **Резиденттер үшін:**

- Банктік шоттың болуы туралы анықтаманы, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін;

- **Бейрезиденттер үшін:**

- Жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесін, банктің атауын, банк бөлімшесінің мекенжайын және ақшаны алатын қаланың атауын.

**13.11.** Жарыс қатысушысы жүлделі орынды иеленгені үшін сыйлығын Жарыс кезінде алып кетпеген жағдайда, ол оны Жарыс өткеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 1а блогы, 501-офис мекенжайындағы «Бірінші болу – батылдық» Корпоративтік Қорының Ұйымдастыру комитетінің офисінен сағ. 09:00-ден 18:00-ге дейін алып кете алады.

Жарысқа қатысушы сыйлықтарды өздігінен алып кете алмайтын және оларды алуды сенімді адамға табыстай алмайтын жағдайда, Жарыс жеңімпазы [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына Ұйымдастыру комитеті алушының есебінен сыйлықтарды жолдай алатын мекенжайды жіберуі тиіс.

Бұл опция тек Қазақстан Республикасының резиденттері үшін қолжетімді.

**13.12.** Мерзім аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушы жеңімпаздарға сыйлықтарды бермеу құқығын өзіне қалдырады.

**13.13.** Уақыт шектеуі ішінде өтіп үлгерген барлық қатысушылар мәреші медальдарын алады.

## **14. МАРШРУТТА ӨЗІН ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

### **Жарыс World Athletics 2022-2023 ресми Ережелері бойынша өткізіледі**

**14.1.** Біздің ұсынымдарымыз:

- Екі және одан көп қатысушылармен бір қатарда жүгірмеу.
- Жай жүруге көшкенде жолдың оң жағын ұстану.

**14.2.** Мыналарға тыйым салынады:

- Арбадағы спортшылардан және балаларға арналған арнайы жүгіру арбалары бар қатысушылардан басқа барлық адамдарға кез келген механикалық қозғалыс құралдарын (самокат, велосипед, роликтер және т.б.) пайдалануға.
- Жануарлармен қатысуға.
- Алкогольден немесе есірткіден масаю күйінде қатысуға.
- Басқа қатысушыларға қауіпті болуы мүмкін кез келген заттармен қатысуға.
- Серуендеу арбаларымен қатысуға.
- Трассада тоқтауға.
- Қатысушылардың қозғалысына және жарысты ұйымдастыруға басқа да тәсілдермен кедергі жасауға.



- Қатысушы тамақ немесе су алған кезде басқа адамдар, команда мүшелерінің ешқайсысы оның қасында жүруге, жүгіруге, қозғалуға құқылы емес.
- Ережені бұзғаны үшін қатысушы жарыстан шеттетілуі мүмкін.

## **15. ЖАРЫСТАН ШЕТТЕТУ**

**15.1.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті мына жағдайларда Жарыс қатысушысын Жарыстан шеттетуге құқылы:

- қатысушы жүгіруді сөре ресми түрде басталмай тұрып бастады;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағы жабылғаннан кейін бастады;
- қатысушы сөреге сөрелік нөмірсіз шықты;
- қатысушы Жарыстың Ұйымдастыру комитетінің, төрешілерінің немесе бас дәрігерінің нұсқаулары мен ескертулеріне назар аудармайды;
- қатысушы Жарыс ережелерін бұзды;
- қатысушы 2 (екі) қашықтықта немесе 2 (екі) және одан көп команданың құрамында жүгірді, бұл қатысушының да, командалардың да Жарыстан шеттетілуіне алып келеді.
- Ресми тамақтану орны болып табылмайтын басқа жерде тамақ немесе су алған қатысушылар, оларға медициналық көрсеткіштер бойынша жарыс төрешілерімен немесе олардың басшылығымен берілген жағдайды қоспағанда, немесе басқа қатысушыдан тамақ алған жағдайда, алдымен төрешіден сары карточканы көрсету арқылы ескертілуі керек. Екінші бұзушылық үшін төреші қызыл карточканы көрсету арқылы қатысушыны жарыстан шеттетуі керек;
- Қатысушы жарыс кезінде бейнекамераны, радионы, плеерді, ұялы телефонды, құлаққапты және басқа да аппаратураны иеленген немесе пайдаланған жағдайда қатысушыға дисквалификация жариялануы мүмкін;

**15.2.** Жарысқа қатысушылар мына жағдайларда қорытынды хаттамадан шығарылады:

- қатысушы басқа адамға тіркелген басқа біреудің нөмірімен жүгірді;
- қатысушы қашықтықты қысқартты;
- қатысушы өтінім берілмеген қашықтықты жүгірді;
- қатысушы қол астындағы көлік құралын (велосипедті, самокатты, басқаларын) пайдаланды;
- қатысушы жүгіруді сөре аймағынан тыс бастады;
- қатысушы жүгіруді өз кластерінен бастамады;
- қатысушы нақты жарыстың ресми нөмірінсіз жүгірді немесе нөмір киімнің астында жасырылды.

## **16. ЖАРЫСТЫҢ ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ**

**16.1. Жарыстың төрешілер алқасы** – төрешілер Жарыс ережелерінің сақталуын, Жарысқа қатысушылар арасындағы спорттық доданың әділ және адал жүргізілуін, ал Жарыс жеңімпазының объективті түрде анықталуын мұқият қадағалайды. Жарысқа қызмет көрсететін барлық спорт төрешілері Жарыстың Төрешілер алқасын құрайды.

**16.2. Жарыстың Төрешілер алқасының құрамына мыналар кіреді:**

### **• Жарыстың Бас төрешісі:**

*Жарыстың Бас төрешісі* Жарыстың жекелеген төрешілері арасында міндеттерді бөледі, ал Жарыс аяқталған кезде бас төреші Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне ол туралы жазбаша есеп береді.

### **• Жарыстың Бас хатшысы:**

*Жарыстың Бас хатшысы* хаттамаларды өңдейді және нәтижелерді шығарады, төрешілерді, қатысушыларды және көрермендерді сөренің барысы туралы хабардар ету үшін қажетті материалдарды уақтылы дайындайды, ал Жарыс аяқталғаннан кейін нәтижелер бойынша жалпы есепті құрастырады.

• **Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері:**

*Жарыстың сөре-мәре аймағының төрешілері* сөре кезінде ережелердің сақталуы және ешкімнің артықшылықтарға ие болмауы үшін Жарысқа қатысушылардың қашықтыққа кластерлерге сәйкес шығуын қатаң қадағалайды. Мәре түзуінде төрешілер алғашқы 10 (он) мәрешіні мәре хаттамаларына тіркейді. Хаттамалар нәтижелерді хронометраж жүйесімен салыстырып тексеру үшін Жарыстың Бас төрешісіне ұсынылады.

Жарыстың Төрешілер алқасына кәсіби спортшылар мен мамандарды шақыруға рұқсат етіледі.

**16.3. Жарыстың Бас дәрігері:**

*Жарыстың Бас дәрігері* жарыс жолында және Жарыстың сөре-мәре қалашығында медициналық қызметкерлер мен Жарыс еріктілерінің жұмысына жетекшілік етеді. Қажет болған жағдайда, Жарыстың Бас дәрігері қатысушыны Жарыстан алып тастай алады.

**17. ФОРС-МАЖОР**

**17.1.** Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары/ұйымдары/қызметтері, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары тарабынан Жарысты өткізуге ресми тыйым салынған жағдайда, Жарыс кейінірек мерзімге ауыстырылады. Жарысқа қатысушылардың осыған дейін төлеген барлық сөрелік жарналары автоматты түрде Жарыс өтетін жаңа күнге ауыстырылады. Жарысты өткізудің нақты (жаңа) күнін Ұйымдастыру комитеті қатысушыларға осы Ереженің 17-бабында көрсетілген Ұйымдастырушының Ақпараттық дереккөздерінде осы ақпаратты орналастыру, сондай-ақ Жарысқа тіркелу кезінде Жеке кабинетте көрсетілген Қатысушының жеке поштасына хабарламалар жіберу арқылы кейінірек хабарлайды.

**18. НАРАЗЫЛЫҚТАР МЕН КІНӘРАТ-ТАЛАПТАР**

**18.1.** Наразылықтар Жарыстың Ұйымдастыру комитетіне беріледі және оларды Жарыстың Төрешілер алқасы қарайды.

**18.2.** Жарысқа Қатысушы Жарыс аяқталғаннан кейін күнтізбелік 2 (екі) күн ішінде кінәрат-талап қоюға құқылы.

Кінәрат-талаптар [info@almaty-marathon.kz](mailto:info@almaty-marathon.kz) электронды поштасына жіберіледі.

Кінәрат-талап қою кезінде Жарысқа қатысушы мына деректерді көрсетуі қажет:

- қатысушының аты-жөні (анонимді өтініштер қаралмайды);
- кінәрат-талаптың мәні, кінәрат-талаптың мазмұны;
- кінәрат-талап қою негіздері (фотосурет, жеке секунд өлшеуіш, субъективті пікір және т.б.).

**18.3.** Жарыстың Ұйымдастыру комитеті наразылық және/немесе кінәрат-талап алынған мезеттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Жарыс қатысушысына ресми жауап дайындайды, ол кінәрат-талап/наразылық берілген электронды адреске жіберіледі.

**18.4.** Кінәрат-талаптар тек Жарыс қатысушыларынан ғана қабылданады.

**19. БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫН АККРЕДИТТЕУ**

**19.1.** Жарысқа бұқаралық ақпарат құралдарын аккредиттеу алдын ала жүргізіледі. Жарысқа аккредиттеу үшін **2022 жылғы «29» қазанға дейін** [prmanager@almaty-marathon.kz](mailto:prmanager@almaty-marathon.kz) электронды поштасына деректерді (БАҚ атауы, тілшінің, оператордың, фотографтың аты-жөні, байланыс телефоны және e-mail адресі) жіберу қажет.

**20. ЖАРЫСТЫҢ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІ**

Жарыс туралы толық ақпарат [www.almaty-marathon.kz](http://www.almaty-marathon.kz) интернет-сайтында, сондай-ақ Ұйымдастыру комитетінің келесі әлеуметтік желі аккаунттарында орналастырылған:

- [https://vk.com/almatymarathon/;](https://vk.com/almatymarathon/)
- [https://www.facebook.com/almatymarathon/;](https://www.facebook.com/almatymarathon/)
- [https://www.instagram.com/almatymarathon/;](https://www.instagram.com/almatymarathon/)

- [t.me/almaty\\_marathon](https://t.me/almaty_marathon).

**Жарыстың Ұйымдастыру комитеті басқа ақпараттық ресурстарда орналастырылған ақпарат үшін жауапкершілік көтермейді.**

## **21. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**21.1.** Жарысты өткізу туралы осы Ереже Жарысқа қатысуға ресми шақыру болып табылады.

**21.2.** Ұйымдастыру комитеті Жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.